

**Кентау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 7 қазандағы "Кентау қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" № 497 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 қаңтардағы № 2 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 13 қаңтарда № 6653-13 болып тіркелді

Кентау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кентау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 7 қазандағы "Кентау қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" №497 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30130 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1) көрсетілген қаулының кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Ішкі сауда қағидаларының 73 тармағына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2. "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Түркістан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын және Кентау қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кентау қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кентау қаласының әкімі*

*Ж. Тасов*